

К. Н. ТАСТАНБЕКОВА¹, Н. Б. ШАМУРАТОВА², М. Т. ЖЕТЕСОВА³

¹Қазақ инженерлік-техникалық академиясы, Астана, Қазақстан,

²ҚР БФМФК Экономики институты, Алматы, Қазақстан,

³Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Алматы, Қазақстан)

ЭКОНОМИКАНЫң ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ТАЛДАУҒА ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТӘСІЛДЕМЕ

Аннотация. Мақалада инновациялық дамуды талдауға институционалдық тәсілдемені қарастыру барысында оның тәжірибелік маңыздылығы мен теориялық бағыттары және Қазақстан өнеркәсібінде инновациялық дамудың тиімді үлгісін жасау үшін институционалдық өзгерістердің негізгі ережелері мен тетіктері қарастырылған.

Тірек сөздер: инновация, институционалдық негіздер, индустримальдық жаңау.

Ключевые слова: инновация, институциональные основы, индустримальное новшество.

Keywords: innovation, institutes of the base, industrial innovation.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық реформалар тәжірибесі елдегі барлық нарықтық экономикалық институттардың қалыптасуын қуәландырады. Алайда алдыңғы кезең осы институттардың кездейсоқтылықпен және жүйесіздікпен жылдам қалыптасуымен ерекшеленді. Қазіргі таңда реформалаудың жылдамдығы экономиканы сәтті трансформациялаудың негізі еместігі анық болып отыр. Экономиканың инновациялық дамуының артықшылықтары жеке меншік институтының, кәсіпкерліктің, тиімді және қорғалған келісімдік қатынастардың, экономика субъектілерінің қалыптасуының және қызмет етуінің нақты ережелерінің, бәсекенің және нарыққа кірудің сәйкес ережелерінің дамуымен байланысты. Ол үшін шаруашылық практикаға институционалдық новацияның құрылуына және енгізілуіне белгілі бір уақыт ресурсы қажет.

Соңғы онжылдықтарда Қазақстанда жалпы институционалдық теорияға, әсіресе, неоинституционалдық теорияға қызығушылықтың өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Институционалдық идеялар қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның даму ерекшеліктерін түсіндіру үшін отандық әйгілі ғалымдар еңбектерінде де пайдаланылады. Дегенмен, талдау инструменттерінің болмауының мәселесі жоқ емес, ал осы перспективті бағытты пайдаланудың теориялық және практикалық тетіктері әзірше толық игерілмеген және тиімсіз қолданылады.

Сонымен аталған мақаланың міндетті экономиканың инновациялық дамуын институционалдық теория тұрғысынан ғалымдардың көзқарастарын жүйелуе және әдіснаманы талдау болып табылады. Институционализмнің басты сипаттамаларының бірі неоклассикалық бағыттағы теориялар әдіснамасына сын көзқарас болып табылады. Экономикалық жүйе қызметінде әлеуметтік, саяси факторлардың рөлдеріне мән бермеу – олардың пайымдауынша – классикалық концепцияның үлкен кемшілігі деп есептелінеді. Егер де неоклассиктер нарықтық тетіктің жетілгендейтін және экономиканың өзіндік реттелуі туралы тезисті қолдайтын және сондай-ақ «таза экономикалық ғылымды» ұстанатын болса, ал институционалистер экономиканың қозғаушы күшін нарық субъектілерінің рухани, моральды-этикалық, құқықтық және басқа да қатынастар тәрізді факторларды есептейді және олардың экономикалық қатынастарға ықпал етуін тарихи тұрғыдан қарастырады.

Ғалымдардың институционалдық бағыт зерттеулеріне қоғам және экономикаға эволюциялық тәсілдеме тән, яғни, экономика қоғамның әлеуметтік өмірінің бөлігі ретінде қарастырылады. Олар нарық және нарықтық жүйенің мәнін мойындаиды, алайда оны күрделі институционалдық жүйенің бір бөлігі ретінде қарастырады. Институционалдық тәсілдеме шенберінде нарық зандарды, ойын ережелерін және сонымен қатар белгілі бір мінез-құлық, қатынастар мен байланыстарды қамтитын институционалдық құрылым ретінде қарастырылады. Нарық ресурстарды бөлөтін тетік қана емес, институционалдық жүйемен бірге капитализм эволюциясы барысында терең өзгерістерге ұшыраған әлеуметтік институт. Аталған жүйені зерттеуде олар кез келген нарықтық үдерістерді неоклассиктер сияқты абстрактілі ғана қарастырып қана қоймай, табыстарды бөлу сипатын айғақтайтын әлеуметтік дағдыларды, әлеуметтік ортаның ықпалын әлеуметтік үдеріс ретінде оған аса назар аударады [1].

Жаңа институционалдық құрылымдарды ғылыми мәселе ретінде зерттеу мәселесі жақын арадаған пайда болды. Институционализм өзінің дамуында қызын тарихи кезеңнен өтті, әдіснамалық және теориялық негіздерді жаңартумен қатар бірнеше кезеңдерді өткери. Ретімен әрбір кезеңде сәйкесінше жаңа дербес бағыт туындағы: ескі (дәстүрлі) институционализм, неоинституционализм (неоинституционалдық экономика), жаңа институционализм (жаңа институционалдық экономика).

«Ескі» (дәстүрлі) институционализм индивидтің әртүрлі өмір сүру ортасының эволюциясы және өзара байланыс принциптеріне негізделеді, қоғамның экономикалық және технологиялық дамуына әлеуметтік-мәдени нормалардың ықпалын зерттейді. Бұл бағытты қолдаушылардың пікірі бойынша, үздіксіз өндіріс және ақыл-ой және қызмет стериотиптерін қайта өндіру арқылы институттар адам қызметінің формасын және әлеуметтік келісімін қалыптастырады.

Дәстүрлі институционализмнің негізін қалаушылар Т. Веблен, Дж. Коммонс, У. Митчелл, Дж. М. Кларк, Дж. Гэлбрейт болып табылады. Бұл ғалымдардың еңбектері мен ізбасарларын монополияға қарсы бағыт, экономикалық өсуге қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығының ықпалын есепке алу және экономикаға мемлекеттік араласудың қажеттілігі идеясы біріктіреді [2].

Сонымен ерте институционализм негізін қалаушылардың жетістігі экономикалық өмірді әлеуметтік құрылымдар және бір бүтін ретінде қызметін қамтамасыз ететін қоғамның мәдени-тарихи ерекшелігі түргысынан талдау болып табылады. Олар «институт», «трансакция», «жаңа индустріалдық қоғам» тәрізді негізгі түсініктерді енгізді. Алайда олар алғашқы принциптердің тұрақты жүйесін құра алмады, сонымен неоклассикалық теория өкілдері тарарапынан қатаң сынға алынды. Осыдан жалпы, логикалық тұрақты теорияны жасауға және оны қолға алуға дайындықтың болмауы бұл бағыттың әлсіз жағын байқатты.

Неоинституционализмнің негізін қалаушылар Р. Коуз, О. Уильямсон, Д. Норт, Дж. Бьюкенен, М. Олсон, Р. Познер және т.б. болып табылады. Неоинституционализм неоклассикалық тәсілдемені қоғамдық институттардың қалыптасуы мен қызмет етуіне институционализм үшін дәстүрлі мұддесімен қолдануды қости және неоклассиктерге тән оңтайлықтың шектеулі түсінігіне жауап беруде пайда болды. Неоинституционализм негізінде – институттар адамдар тарихтың барлық кезеңдерінде тәртіп құрды деген пікірге сүйене отырып, базистік құрылымды қалыптастыратын негізгі принцип жатыр, сонымен қатар, қоғамның институционалдық құрылымы микроэкономика ортасында тиімді қызмет етуге ынталандыру жүйесін құрады. Аталған теория неоклассиканың негізгі тұжырымдарын дамыта отырып түсініктердің ретін құрды: максимизациялайтын мінез-құлық – экономикалық ортаның анықсыздығы – акпараттың ақылығы – трансакциондық шығындар – институттар – ұйымдар. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық жүйелерді зерттеу барысында алдыңғы орынды трансакциондық шығындар алады. Жалпы категориялар жүйесін «инновациялық даму» категориясын зерттеу және оны ынталандыру тетіктерін жасау үшін пайдалы деп мойындауға болады [3].

Жаңа институционалдық экономика институционалдық талдауды экономикалық тарихсыз өз зерттеулерінде іске асыра алмайды. Тарихтың маңыздылығы тек оның өткеннен сабак алу мүмкінділігінде ғана емес, сонымен қатар, осы және келер шақ өткен қоғам институттарының үздіксіздігімен байланысты болып табылады. Бұған немесе ертең жасалатын таңдау өткен уақытпен қалыптасқан, ал өткен уақыт тек институционалдық даму үдерісі ретінде ғана түсінкті болуы мүмкін. Институционалдық тәсілдеме қандай да бір елдің жалпы және ерекше даму жолының сұрағын шешеді, өйткені әрбір елдің жеке дара институционалдық матрицасы – басқа елдің даму жолынан ерекшеленетін әрбір ел экономикасын өз жолымен алып жүрестін реесми ережелер мен реесми емес шектеулердің өзара шиеленісі бар деп есептелінеді. Осыған байланысты индустрияға дейінгі, индустріалдық және индустріядан кейінгі экономикалық жүйелерді бөліп көрсететін индустріядан кейінгі қоғам теориясы өкілдері ұсынған экономикалық жүйелердің тарихи сыныптарасы қызықты. Экономикалық жүйелерді бір бірінен бөлетін шекаралар өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық революция болып табылады [4, 5].

Қазіргі кезде біздің елде өнеркәсіптік кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі марымсыз жағдайы қалыптасты. Ол инвестициялық белсенділікпен асып түседі, алайда, инвестициялардың дайын өнімдерге инновацияларды өнеркәсіпке одан әрі енгізумен байланысты оларды дайындау үдерісіндегі инвестициялардан жоғары болуы Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Егер де базалық инновациялар ел ішінде іске аспаса, оған экономикалық тұрғыдан жетуші немесе тәуелді ел тағдыры төнеді, ал ол өз кезегінде қосымша құнды экономикалық

анағұрылым дамыған жүйелерге шығаруға алып келеді. Біздің пайымдауымызша, осындай жағдайдың себебі инновациялық үдеріс ерекшелігімен, дәлірек айтқанда, оны іске асыруға трансакциондық шығындардың құрылымымен байланысты. Инновациялық үдерістің, оның басым бөлігінің білім, ақпарат және меншік құқықтары ағымы айналымымен байланысты ерекшелігін ескере отырып, инновациялардың төмен тиімділігінің себебін кәсіпорындардың инновацияларға жалпы трансакциондық шығындарының үлесі мен құрылымында іздеу қажет. Инновациялық үдеріс өзінің күрделігіне байланысты шаруашылық субъекттерінің инновациялық қызметтінде трансформациялық шығындарға қарағанда трансакциондық шығындар үлес салмағының жоғарылануына және сондай-ақ патенттік жүйе түрінде ерекше құқықтарды қорғаудың арнайы тетіктеріне алып келеді.

Біздің пайымдауымызша, Қазақстан өнеркәсібінде инновациялық қызметтің қазіргі заманғы жағдайын зерттеу және оның инновациялық дамуының тиімді үлгісін жасау үшін институционалдық өзгерістердің келесідей негізгі ережелерін және тетіктерін пайдалану қажет:

- экономикалық жүйе үнемі қозғалыс жағдайында болып табылатын әлеуметтік-мәдени жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады;
- институттар ұзак мерзімді перспективада әлеуметтік-экономикалық жүйенің қызмет етуінде басты фактор болып табылады;
- экономикалық жүйенің институционалдық құраушылардың негізгі элементтері нарықтар және интегралданған фирмалар болып табылады;
- экономикалық жүйе дамуының негізі технологиялық және институционалдық өзгерістердің өзара байланысы мен өзара ықпалдастырыбы болып табылады;
- әлеуметтік-экономикалық жүйелердің инновациялық дамуына ықпал ететін негізгі факторлар институционалдық инновациялар және трансакциондық шығындардың өзгеруі болып табылады;
- институционалдық тәсілдеме қандай да бір экономикалық жүйенің «ойылым» себептерін түсіндіруге, әртүрлі экономикалық жүйелердің даму үлгілерін салыстыруға мүмкіндік береді;
- инновациялық жүйенің қайта құрылуының нақты үдерістері мемлекеттік реттеу жүйесін енгізумен байланысты болып табылады.

Сонымен инновациялық ортада анық нарықтың ойылымы болуына байланысты институттар қызметінің тиімділігін бағалайтын критерийлермен қамтамасыз етілетін мақсатты бағытталған институттарды ұйымдастыру қажеттілігі бар. Ұсынылған тәсілдеме шенберінде келесідей зерттеулер назарға ие болып табылады: институттарды өсіру; нарық «ойылымын» жою; экономикалық жүйе шенберінде құрылымдық симметрия концепциясы; бизнестің өзін өзі реттеудің институционалдық концепциясы.

ӘДЕБІЕТ

- 1 Исмаилова Р.А. Возникновение и особенности развития традиционного институционализма // Вестник КазГАТУ им. С. Сейфуллина. – Астана, 2007. – № 1(55). – С. 189-195.
- 2 Институциональная экономика: новая институциональная экономическая теория: Учебник / Под общ. ред. А. Аузана. – М., 2005. – С. 56-60.
- 3 Институциональная экономика: Учебник / Под общ. ред. А. Олейник. – М., 2005. – 704 с.
- 4 Тамбовцев В. Теоретические вопросы институционального проектирования // Вопросы экономики. – 1997. – № 3. – С. 85.
- 5 Надель С. Вероятность и перспективы будущей индустриальной революции // Мировая экономика и международные отношения. – 2002. – № 9. – С. 26-37.

REFERENCES

- 1 Ismailova R.A. Vozniknovenie i osobennosti razvitiya tradicionnogo institucionalizma. Vestnik KazGATU im. S. Sejfullina. Astana, 2007. № 1(55). S. 189-195.
- 2 Institucional'naja jekonomika: novaja institucional'naja jekonomiceskaja teoriya: Uchebnik. Pod obshhej red. A. Auzana. M., 2005. S. 56-60.
- 3 Institucional'naja jekonomika: Uchebnik. Pod obshh. red. A. Olejnik. M., 2005. 704 s.
- 4 Tambovcev V. Teoreticheskie voprosy institucional'nogo proektirovaniya. Voprosy jekonomiki. 1997. № 3. S. 85.
- 5 Nadel' S. Verojatnost' i perspektivy budushhej industrial'noj revoljucii. Mirovaja jekonomika i mezhdunarodnye otoshnenija. 2002. № 9. S. 26-37.

Резюме

K. N. Tastanbekova¹, N. B. Shamuratova², M. T. Жетесова³

¹Казахская инженерно-техническая академия, Астана, Казахстан,

²Филиала РГКП «Института Экономики» Комитета Науки МОН РК, Алматы, Казахстан,

³Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, Алматы, Казахстан)

ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ

В статье при изучении институционального подхода к анализу инновационного развития рассмотрены его практическая значимость и теоретические направления, а также для разработки эффективной модели инновационного развития промышленности Казахстана основные положения и механизмы институционального изменения.

Ключевые слова: инновация, институциональные основы, индустриальное новшество.

Summary

K. N. Tastanbekova¹, N. B. Shamuratova², M. T. Zhetesova³

¹ Kazakh engineering academy, Astana, Kazakhstan,

²Institute of economics, Committee of science of RK, Astana, Kazakhstan,

³Kazakh university of economy, finance and international trade, Almaty, Kazakhstan)

INSTITUCIONALNYE BASES INNOVACIOONOGO DEVELOPMENTS OF THE ECONOMY

The article deals with the study of the institutional approach to the analysis of the innovation development considered its practical significance and theoretical directions, also to develop an effective model of innovative development, industry fundamentals and mechanisms of institutional change in Kazakhstan.

Keywords: innovation, institutes of the base, industrial innovation.